

«Келісемін»

Директордың тәрбие жұмыс
жөніндегі орынбасары

 К.А.Ергалиева

«Бекітемін»

№51 гимназия директоры

И.И.Бексүттанова

«» тамыз 2025ж



**«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында 2025-2026 оқу жылына арналған
4 «Е» сыныбының жылдық тәрбие жоспары**

Сынып жетекшісі: Саулебаева А.Х

Ақтобе 2025ж.

ТҮСІНІК ХАТ

Қазақстан Республикасының Президенті Қ. Тоқаев 2024 жылы Ұлттық құрылтайдың «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» атты үшінші отырысында елімізді дамытуға қатысты маңызды бастамалар көтерді. Еліміздің болашақтағы негізгі сұлбасын «Әділетті Қазақстан – Адал азамат – Озық ойлы ұлт» деген ұштаған ұғым арқылы сипаттады. Ұштаған – бір-бірінен бастау алатын және өзара тығыз байланысты ұғымдар, ел ішінде заң мен тәртіпті қатаң сақтауды қамтамасыз етуді саясатымыздың тұғырлы қағидатына айналдыратын мықты демократиялық институттары мен дамыған құқықтық жүйесі бар әділетті мемлекетті құрудың шарты және еліміздің жаңғыруы мен әрі қарай дамуының стратегиялық бағдарын айқындайды. 2025 жылы мемлекет басшысының 14 наурызда өткен Ұлттық құрылтайдың IV отырысында аталған идеялар мен құндылықтар «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының негізіне айналады. Бағдарлама құндылыққа бағдарланған және құзыреттілік тәсілдері негізінде білім алушы тұлғасын қалыптастыруға ықпал ететін негізгі мақсат пен міндеттерді айқындайды

Бағдарламаның мақсаты:

Қазақстандық мәдениет құндылықтары негізінде азаматтық жауапкершілік пен патриотизм, парасаттылық пен адалдық, ар-ұждан, рухани-адамгершілік қасиеттерін бойына сіңірген, үйлесімді дамыған тұлға қалыптастыру.

Бағдарламаның міндеттері:

Рухани-адамгершілік қасиеттерді тәрбиелеу:

- *отанға, өз халқына, оның тарихы мен мәдениетіне деген сүйіспеншілікті қалыптастыру;
- *Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздерін құрметтеуге тәрбиелеу;
- *адалдық, әділдік, мейірімділік, ар-ұят пен қамқорлық, қайырымдылық және басқа да адамдық қасиеттерді дамыту;
- *табиғатқа және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу.

Азаматтық жауапкершілік пен патриотизмді дамыту:

- *елінің жетістіктері үшін мақтаныш сезімін ұялату;
- *отбасы, қоғам және мемлекет алдындағы өз міндеттеріне саналы көзқарас қалыптастыру;
- *өз құқығы мен бостандығы, сондай-ақ басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға дайын болуға баулу;
- *әлеуметтік маңызы бар қызметке белсенді қатысуға тәрбиелеу.

Парасаттылық пен адалдықты қалыптастыру:

- *басқалармен қарым-қатынаста адал әрі әділ болуға және әдептілік нормаларын ұстануға тәрбиелеу;
- *өз іс-әрекеттері мен сөздері үшін жауапкершілікті түсінуге тәрбиелеу;
- *еңбексүйгіштік пен өзін-өзі жетілдіруге деген ұмтылысын қалыптастыру;
- *біреудің еңбегі мен мүлкін құрметтеуге тәрбиелеу.

Білім алушының жеке басының үйлесімді дамуы үшін жағдай жасау:

- *әрбір білім алушыны тәрбиелеу мен оқытуда даралау мен саралау тәсілдемелерін қамтамасыз ету;
- *білім беру ортасында жағымды психологиялық-педагогикалық ахуал қалыптастыру;
- *ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға қолдау көрсету;
- *отбасын білім беру ұйымдарындағы тәрбие процесіне тарту.

Бағдарлама мазмұны:

- Білім алушылардың бойында құндылықтарды дамыту білім беру ұйымдарының оқу-тәрбие процесі жағдайында жүйелі ұйымдастырылады. Бұл міндетті іске асыру білім беру мазмұны, сынып сағаттары мен сыныптан тыс іс-шаралары арқылы жүзеге асырылады.

- Ай сайын өткізілетін тұрақты іс-шаралар білім алушылардың біртұтас тұлғасын қалыптастыруға бағытталуы тиіс:
- Қыркүйек – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы;
- Қазан айы – тәуелсіздік және отаншылдық айы;
- Қараша айы – әділдік және жауапкершілік айы;
- Желтоқсан – бірлік және ынтымақ айы;
- Қаңтар – заң және тәртіп айы;
- Ақпан – жасампаздық және жаңашылдық айы;
- Наурыз – тәуелсіздік және отаншылдық айы;
- Сәуір – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы;
- Мамыр – бірлік және ынтымақ айы.

Құндылықтарды қалыптастырудағы жүйелі және кешенді жұмыс оқу-тәрбие процесінде күн сайын және апта сайын іске асырылатын іс-шараларды қамтиды:

күнделікті:

- «Ұлттық ойын – ұлт қазынасы» – үзіліс кезінде білім алушылардың бос уақытын ойын түрінде ұйымдастыру – асық, тоғызқұмалақ, бес тас және т.б.

- «Өнегелі 15 минут» – ата-аналардың баласымен мінез-құлық және адамгершілік туралы күнделікті 15 минут жеке әңгімелесуі.

- «Үнемді тұтыну» – жадынамалар, нұсқаулықтар мен парақшалар арқылы суды, тамақты, энергияны және табиғи ресурстарды үнемді тұтынуды және іс-әрекет барысында табиғи ресурстарға (су, энергия және т.б.) ұқыпты қарауды қалыптастыру.

- «Күй күмбірі» – қоңыраудың орнына күйді пайдалану, сондай-ақ үлкен үзіліс кезінде арнайы күй тыңдату.

апта сайын:

- «Менің Қазақстаным» – оқу аптасының басында бірінші сабақта білім алушылар Қазақстан Республикасының Әнұранын орындайды.

- Аптаның дәйексөздері – бүкіл ұйымның сабақта және сабақтан тыс іс-әрекетінің лейтмотиві ретінде қызмет ететін мақал-мәтелдер, нақыл сөздер, халық даналығы, ұлы тұлғалардың ұлағатты сөздері.

- «Қауіпсіздік сабағы» – жол қозғалысы ережелерін, өмір қауіпсіздігі негіздерін зерделеу, білім алушылардың жеке қауіпсіздігін, қауіпсіз мінез-құлық және т.б. сақтауы туралы сынып сағаты шеңберінде 10 минут ақпарат беру, әңгіме өткізу.

- Апта сайын сынып сағаттарын өткізу шеңберінде білім алушылардың қауіпсіз мінез-құлық мәдениетін және салауатты өмір салтын қалыптастыру бойынша жүйелі жұмыс іске асырылады. Сынып сағаттарының мазмұнына келесі алдын алу шаралары біріктіріледі:

- Цифрлық әлемде қауіпсіз қадам;
- Буллингтен қорған!
- Ойынға салауатты көзқарас;
- Өмірге салауатты қадам;
- Қоғамдық мүлікті қорға!
- Қауіпсіз қоғам.

Бағдарлама аясында жүзеге асырылатын жобалар:

1. «Қамқор» жобасы
2. «Шабыт» жобасы
3. «Еңбегі адал-жас өрен» жобасы
4. «Ұшқыр ой алаңы» жобасы
5. «Балалар кітапханасы» жобасы
6. «SMART BALA» жобасы

Бағдарламаның күтілетін нәтижелері

Бағдарламаны дәйекті және кешенді іске асыру нәтижесінде білім берудің барлық деңгейіндегі ұйым тұлғаларының бойында құндылықтар мен негізгі құзыреттері қалыптастыру және дамыту күтіледі.

Қыркүйек – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы 1 қыркүйек – «Білім күні» 5 қыркүйек – Қазақстан халқы тілдері күні Қыркүйектің екінші жексенбісі – Отбасы күні Қыркүйектің соңғы жексенбісі – Еңбек күні				
I тоқсан I АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: «Оқусыз – білім жоқ, білімсіз – күнің жоқ»				
№	Тәрбие құндылықтары бойынша іс-шара тақырыптары	Аяқтау нысаны	Жауаптылар	Орындау мерзімі
1.	1 қыркүйек -Білім күні. «Менің Отаным-Қазақстан!» Қауіпсіздік сабағы (10 минут) № 1 «Шұғыл қызмет нөмірлері»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	02.09.2025ж.
II АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: «Жанұям – қорғаным, ата-анам – тірегім!»				
2.	«Отан отбасынан басталады» Қауіпсіздік сабағы (10 минут) № 2 «Төтенше жағдай туындаған кезде жедел қызметтерге қоңырау шалу скриптері» «Жол жүру ережелерін білеміз бе?» ЖЖЕН№1	Сынып сағаты видеоролик	Сынып жетекшісі	08.09.2025ж.
III АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: «Еңбекқорлық – адамның ең жақсы қасиеті» (Абай)				
3	«Біздің үйдегі еңбек» Қауіпсіздік сабағы (10 минут) № 3 «Құпия сөз – сіздің отбасылық пароліңіз»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	15.09.2025ж.
IV АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: «Күшіңе сенбе, адал ісіңе сен!»				
4	«Еңбек , бәрін де жеңбек» Қауіпсіздік сабағы (10 минут) № 4 «Көшеде қаңғыбас итті кездестіру»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	22.09.2025ж.
Қазан айы – тәуелсіздік және отаншылдық 1 қазан – Халықаралық қарттар күні 5 қазан – Мұғалімдер күні 24 қазан – Кітапханашылар күні 25 қазан – Республика күні				

I АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: «Тәуелсіздік-ұлтымыздың мәңгілік ұраны»				
5	«Қарияларға қуаныш сыйлайық» Қауіпсіздік сабағы (10 минут) № 5 «Бейтаныс адамға көмек көрсетуге бола ма?»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	29.09.2025ж.
II АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: «Туған жердей жер болмас, туған елдей ел болмас»				
6	«Үстаз – ұлы тұлға» Қауіпсіздік сабағы (10 минут) № 6 «Ғаламтор мен мессенджерлердегі қауіпті сілтемелер»	Сынып сағаты Челлендж	Сынып жетекшісі	06.10.2025ж.
III АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: «Отансыз адам – ормансыз бұлбұл» (Ы.Алтынсарин)				
7	«Тәуелсіздік және отаншылық» Қауіпсіздік сабағы (10 минут) № 7 Тамақпен эксперимент жасаудың қауіптілігі» «Білім алушылардың топпен және қатармен жүру ережелері» ЖЖЕ №2	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	13.10.2025ж.
IV АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: «Отанды сүю – отбасынан басталады»				
8	«Қазақстан Республикасы: кеше, бүгін, ертең» Қауіпсіздік сабағы (10 минут) №8«Табиғат аясындағы демалысқа қалай дайындалу керек?»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	20.10.2025ж.
Қараша – әділдік және жауапкершілік айы 15 қараша – «Ұлттық валюта» теңге күні 16 қараша – Халықаралық толеранттылық күні				
II тоқсан				
I АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: «Әділ болу – адамгершіліктің ең биік шыңы»				
9	«Адал азамат» Қауіпсіздік сабағы (10 минут) № 9 «Үйдегі ойындар: қауіпсіздік шараларын сақтаймыз»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	03.11.2025ж.
II АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: «Жауапкершілік адамды адам етеді»				
10	15 қараша «Ұлттық валюта-теңге» Қауіпсіздік сабағы (10 минут) № 10 «Көшедегі қауіпсіз ойындар	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	10.11.2025ж.

III АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: «Әділет – мемлекеттің негізгі күші» (Әл-Фараби)				
11	«Әділдік және жауапкершілік» Қайыңсіздік сабағы (10 минут) № 11 Шұғыл қызмет нөмірлері»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	17.11.2025ж.
IV АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: «Жауапкершілік – табыстың кілті»				
12	«Жауапкершілік деген не?» Қайыңсіздік сабағы (10 минут) № 12 «Төтенше жағдай туындаған кезде жедел қызметтерге қоңырау шалу скриптері»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	24.11.2025ж.
Желтоқсан – бірлік және ынтымақ айы 5 желтоқсан – Дүниежүзілік Еріктілер күні 16 желтоқсан – Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні				
I АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: «Татулық пен бірлік – елдің іргетасы»				
13	«Бірлік түбі-тірлік» Қайыңсіздік сабағы (10 минут) № 13 «Құпия сөз – сіздің отбасылық пароліңіз» Жолжағдайларын макетте (пішімде) талдау. Арнайы авто алаңда өткізілетін тәжірибелік сабақтар. ЖЖЕН№3	Сынып сағаты Сыныптағы адалдықты қолдау акциясы	Сынып жетекшісі	01.12.2025ж.
II АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: «Бірлігі жоқ ел тозады, бірлігі күшті ел озады»				
14	«Халық қаһарманы, жазушы Бауыржан Момышұлының туғанына 115 жыл» Қайыңсіздік сабағы (10 минут) № 14 «Көшеде қаңғыбас итті кездестіру»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	08.12.2025ж.
III АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: «Бірлік болмай тірлік болмас»				
15	«Тәуелсіздік – тірегім» Қайыңсіздік сабағы (10 минут) № 15 «Бейтаныс адамға көмек көрсетуге бола ма?»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	15.12.2025ж.
IV АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: «Ынтымақ – бұзылмайтын қорған»				
16	«Жаңа жылдық тарту» Қайыңсіздік сабағы (10 минут) № 16 «Ғаламтор мен мессенджерлердегі қауіпті сілтемелер»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	22.12.2025ж.

III тоқсан				
Қаңтар – заң және тәртіп айы				
I қаңтар – Жаңа жыл				
I АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: «Талап бар жерде тәртіп бар»				
II АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: «Тәртіп — тәрбие бастауы, тәртіпсіздік – өміріңнің қас жауы»				
17	«Сыбайлас жемқорлық дегенді қалай түсінеміз?» Қауіпсіздік сабағы (10 минут) № 17 Тамақпен эксперимент жасаудың қауіптілігі»	Сынып сағаты (адалдық сағаты)	Сынып жетекшісі	12.01.2026ж.
III АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: «Әділ заң– болашақ кепілі»				
18	«Заң мен тәртіп» Қауіпсіздік сабағы (10 минут) № 18 «Табиғат аясындағы демалысқа қалай дайындалу керек?»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	19.01.2026ж.
IV АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: «Тәртіпсіз ел болмайды, тәртіпке бас нген күл болмайды»				
19	«Мен де өз құқығымды білемін!» № 19 «Үйдегі ойындар: қауіпсіздік шараларын сақтаймыз»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	26.01.2026ж.
Ақпан – жасампаздық және жаңашылдық				
14 ақпан – Халықаралық кітап сыйлау күні				
Ақпанның бірінші сейсенбісі – Дүниежүзілік қауіпсіз интернет күні				
I АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: «Келешек – білімді жастың қолында» (Ахмет Байтұрсынұлы)				
20	«4 ақпан - Дүниежүзілік қауіпсіз интернет күні» «Цифрлық әлемде қауіпсіз қадам» Қауіпсіздік сабағы (10 минут) № 20 «Көшедегі қауіпсіз ойындар»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	02.02.2026ж.
II АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: «Жаңалық – жасампаз ойдан басталады»				
21	«Ұшқыр ой» Қауіпсіздік сабағы (10 минут) № 21 «Шұғыл қызмет нөмірлері»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	09.02.2026ж.
III АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: «Жаңашылдыққа ұмтылған ел ғана дамиды» (Шоқан Уалиханов)				
22	«Жаңашылдық-ізденіс жемісі» Қауіпсіздік сабағы (10 минут) № 22 «Төтенше жағдай туындаған кезде жедел қызметтерге қоңырау шалу скриптері»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	16.02.2026ж.

IV АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: «Бірлік пен жасампаздық – ел бағдары»				
23	«Қазақ поэзиясының алыбы, ақын, ұлы жыршы Жамбыл Жабаевтың туғанына 180 жыл (1846–1945)» Қауіпсіздік сабағы (10 минут) № 23 «Құпия сөз – сіздің отбасылық пароліңіз»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	23.02.2026ж.
Наурыз – тәуелсіздік және отаншылдық айы 1 наурыз – Алғыс айту күні 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні 21, 22, 23 наурыз – Наурыз мерекесі 30 наурыз – Дүниежүзілік Жер күні				
I АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: «Тәуелсіздік - тәтті сөз ғана емес, ұлттық жауапкершілік»				
24	«Алғыс айту – рухани байлық» Қауіпсіздік сабағы (10 минут) №24 «Көшеде қаңғыбас итті кездестіру»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	02.03.2026ж.
II АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: «Отан үшін отқа түс – күймейсің»				
25	«Ана-өмірдің шуағы» Қауіпсіздік сабағы (10 минут) № 25 «Бейтаныс адамға көмек көрсетуге бола ма?» «Теміржол өтпелері» ЖЖЕН: 4	Сынып сағаты челленджі	Сынып жетекшісі	09.03.2026ж.
III АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: «Тәуелсіз елдің тұғыры – бірлік, тірегі – елдік»				
26	«Наурыз – жыл басы» Қауіпсіздік сабағы (10 минут) № 26 «Ғаламтор мен мессенджерлердегі қауіпті сілтемелер»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	16.03.2026ж.
IV тоқсан Сәуір – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы 2 сәуір – Халықаралық балалар кітабы күні 7 сәуір – Дүниежүзілік денсаулық күні 12 сәуір – Ғылым күні 15 сәуір – Халықаралық мәдениет күні 18 сәуір – Халықаралық ескерткіштер мен тарихи орындарды қорғау күні 23 сәуір – Ұлттық кітап күні				

I АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: «Еңбек – қуаныш, жалқаулық – айырымас азап»				
27	2 сәуір – Халықаралық балалар кітабы күні «Кітап-рухани қазына» Қауіпсіздік сабағы (10 минут) № 27 Тамақпен эксперимент жасаудың қауіптілігі» «Жарақаттар кезінде алғашқы медициналық көмек көрсету біліктілігін арттыру.» ЖЖЕ №5	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	30.03.2026ж.
II АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: «Саналы да ерікті еңбек қана адамды бақытқа кенелтеді»				
28	7 сәуір – Дүниежүзілік денсаулық күні «Өмірге салауатты қадам» Қауіпсіздік сабағы (10 минут) № 28 «Табиғат аясындағы демалысқа қалай дайындалу керек?»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	06.04.2026ж.
III АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: «Еңбек жай ғана қызмет емес, адам болмысының айнасы»				
29	12 сәуір – Ғарышкерлер күні Қауіпсіздік сабағы (10 минут) №29«Үйдегі ойындар: қауіпсіздік шараларын сақтаймыз»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	13.04.2026ж.
IV АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: «Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей»				
30	«ДОСБОЛЛИКЕ» «Буллингтан қорған!» № 30 «Көшедегі қауіпсіз ойындар	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	20.04.2026ж.
5-апта дәйексөзі: «Білікті білім жинап кәсіп етер, білімнің дәмін татып өсіп өнер» 27.04-01.05.2026ж.				
31	Біз әртүрліміз, бір теңбіз» Қауіпсіздік сабағы (10 минут) № 31 Шұғыл қызмет нөмірлері»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	27.04.2026ж.
Мамыр – бірлік және ынтымақ айы 1 мамыр – Қазақстан халықтарының бірлігі күні 7 мамыр – Отан қорғаушылар күні 9 мамыр – Ұлы Отан соғысының Жеңіс күні 15 мамыр – Халықаралық отбасы күні 18 мамыр – Халықаралық мұражайлар күні 31 мамыр – Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні				

I АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: «Ынтымақ, бірлік, келісім – ең асыл байлық ел үшін»				
32	«9 мамыр – Ұлы Отан соғысының Жеңіс күні» Қауіпсіздік сабағы (10 минут) № 32 «Төтенше жағдай туындаған кезде жедел қызметтерге қоңырау шалу скриптері»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	04.05.2026ж.
II АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: «Ынтымақ — бұзылмайтын қорған, қосылып еккен ағаш — орман»				
33	«Отбасы-бақыт мекені» Қауіпсіздік сабағы (10 минут) № 33 «Төтенше жағдай туындаған кезде жедел қызметтерге қоңырау шалу скриптері» «Қорытынды сабақ» ЖЖЕ №6	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	11.05.2026ж.
III АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: «Бірлігі кеткен ел жаман, егесіп өткен ер жаман»				
IV АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: «Ел болып бірігуден асқан бақыт жоқ»				
34	«Білімім – Отаныма!» Қауіпсіздік сабағы (10 минут) № 34 «Құпия сөз – сіздің отбасылық пароліңіз»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	18.05.2026ж.